

Худайбергенов Нурбол Джумагалиевич

«Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар»

«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға

АНДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. ХХІ ғасырдағы Қазақстан әдебиеті рухани жаңғыру дәуірін бастан өткеруде. Қоғамның рухани әлеміне ықпал еткен саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде ұлт өмірінде де елеулі өзгерістер орын алды. Ширек ғасырда өмірге, әдеби-мәдени құндылықтарға деген көзқарастар түбегейлі өзгеріп, заманауи ұлттық парадигма қалыптасып үлгерді. Қоршаған орта туралы түсінік те жаңарды. Осылайша, тәуелсіздік алғаннан кейінгі орын алған тарихи-әлеуметтік өзгерістер жазушылардың дүниетанымына әсер етіп, замандастың көркем образы арқылы бейнелене бастады. Кеңестік кезеңдегі саяси идеологиялық қыспақ келмеске кетіп, тәуелсіздікке дейінгі реалистік, романтикалық сипаттағы әдебиет модернизм және постмодернизм философиясымен түрленіп, көркемдік кеңістігін кеңейтті. Қоғам, сана өзгерген тұста әдебиет те, оларға қойылар талап та, оны таныту шаралары да жаңартылуы заңдылық.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасы қазіргі қоғамның шынайы келбетін, замандастарымыздың болмыс-бітімін дәл таныта алуымен ғана емес, өткен тарихқа ұлттық мүдде тұрғысынан әділ баға бере алуымен де құнды. Отарлық жылдарда айтылмай келген ақиқаттар әдебиеттің нысанына айналып, халықтың өзіне тән даралығы көркемдік санада қайта жаңғырды.

Сондай-ақ ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ прозасында әлемдік әдеби-мәдени үрдістердің белгілері байқалып отыр, қаламгерлер батыл эксперименттерге баруда. Белгілі бір шеңбердің аясында ғана ойлайтын әрі бүтін бітімі толыққанды ашыла қоймайтын кейіпкерлердің орнына ендігі ретте жан дүниесі мейлінше күрделі әрі басқаға ұқсай бермейтін өзгеше тұрпатты кейіпкер тұлғасы қалыптасты. Бұл сөз өнерінің аксиологиялық сипатының өзгергенін білдіреді.

Ә.Нұрпейісов, Т.Әбдікұлы, Б.Нұржекеұлы, М.Мағауин, Т.Шапай, Н.Ораз, Д.Рамазан, М.Омарова, А.Мантаева, Ә.Байбол, А.Мырзахмет т.б. авторлардың шығармашылығы тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының аксиологиялық және көркемдік келбетін танытуда ерекше рөл ойнайды. Жалпыадамдық құндылықтар елімізде философия, мәдениеттану, педагогика ғылымдарының объектісі болып келгенмен, соңғы жылдары әдебиеттану ғылымының аясында да қарастырыла бастады. Көркем мәтіндерді аксиологиялық аспектіде талдау қоғамдағы жалпыадамдық құндылықтардың табиғатын танып, өзіндік ерекшеліктерін анықтауда айрықша маңызды болып саналады.

Осыған байланысты тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтарды ғылыми теориялық тұрғыдан зерттеу қазіргі ғылымның өзекті мәселелерінің бірі. Жалпыадамдық құндылықтардың қызметі, өзгеруі мен жаңа мәнге ие болуы, таралу арналары мен қалыптасу жолдары негізінен философия ғылымы өкілдері тарапынан зерделеніп келді. М.Рокич, Р.Игглексхарт, Дж.Фихтер, Д.Аджемоглу, Ш.Шварц, Т.Орал, Г.Хофстед т.б. сынды шетелдік ғалымдармен бірге құндылықтар жөнінде Ә.Нысанбаев, Ж.Молдабеков, А.Қасабек, Т.Ғабитов, С.Нұрмұратов, З.Сәрсенбаева, Б.Сатершинов т.б. сынды отандық ғалымдар ғылыми еңбектер жазды.

Әдебиеттану ғылымында аталған мәселелер көп зерттелмегенмен, А.Абдулина, А.Жақсылықов, Б.Майтанов, С.Әбішева, С.Асылбекұлы т.б. секілді ғалымдардың ғылыми мақалаларында арнайы сөз болады. Бұл тақырыпты кешенді түрде қарастыру 2014 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары шығарған «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты зерттеу еңбегінен басталды. Ұжымдық монография авторлары – С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, У.Қалижанов, Н.Ақыш, Г.Орда, Е.Қаныкей, А.Қалиева сынды белгілі әдебиеттанушылар қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясындағы құндылықтар әлеміне барлау жасап, әдеби-көркемдік жүйе негізінде ашып береді. «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты ұжымдық монография Қазақстандағы этнос құраушы ұлттың ғана емес, сонымен бірге елімізді мекен еткен басқа да ұлт өкілдерінің, әртүрлі диаспоралардың да әдебиетін нысанаға алуымен құнды еңбек болып есептеледі. Біздің зерттеу жұмысымызға аталған монография негізгі арқау болды.

Ал, қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтарды анықтау, олардың ұлттық құндылықтармен арақатынасын айқындап, өзіндік ерекшеліктерін көркем туындылар мысалында зерделеу осы диссертациялық жұмыстың маңыздылығын білдіреді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеу нысаны болып отырған тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына тікелей қатысты категориялардың, әлемдік әдебиеттегі тәжірибелердің прозада көрініс табуы, көркемдік-эстетикалық, моральдық-этикалық, материалдық-экономикалық, әлеуметтік, танымдық, діни құндылықтар сынды жалпыадамдық құндылықтардың өзгеруі, соның негізінде қазақстандық авторлардың жазудың жаңа құралдарын, амал-тәсілдерін, қалыптарын (формаларын), көркемдік жүйелерді меңгеруіне ықпал етуі зерттеу бағытының да жаңа деңгейге көтерілуін және зерттеудің жаңа әдістемелік базасын қалыптастыруын талап етуі зерттеу тақырыбының өзектілігін танытады.

Қазақ әдебиеті – әлем әдебиетінің ажырамас бөлшегі. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтарды ғылыми тұрғыда талдау, біріншіден, әлемдік мәдени кеңістіктегі қазақ әдебиетінің өзіндік орнын анықтауға сеп болса, екіншіден, ұлттық бірегейлігін, мәдени даралығын тану жолындағы қазақ қоғамы үшін де маңызды болып отыр. Отандық әдебиеттануда көркем шығарманы құндылықтық-аксиологиялық тұрғыдан

қарастыру тәжірибесі аз. Бұл көркем мәтінді мәдениеттану, философия, әлеуметтану, психология ғылымдарымен ұштастыра отырып бағалау қажеттігін туғызады. Ғылыми интеграциялық үдерістер күшейген қазіргі кезеңде прозалық шығармаларға пәнаралық негізде интерпретация жасау жаңа арнамен дамып отырған қазіргі қазақ әдебиетінің беталысын бағамдау үшін ғана емес, содай-ақ әдебиет тарихы туралы тұшымды тұжырымдар жасап, болашағын болжау үшін де маңызды.

Диссертациялық жұмыста тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының жетістігі ретінде танылған көркем шығармалар ғылыми теориялық тұрғыдан қорытындылау негізінде зерттеледі. Ширек ғасырды қамтитын тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің көркемдік және аксиологиялық ахуалы жазушылардың туындылары тұрғысынан талданады. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделенеді. Соның негізінде қазіргі әдеби үдерістегі жаңашылдықтар анықталып, мазмұндық-құрылымдық өзгерістер сараланып, ХХ-ХХІ ғасырлар тоғысындағы әдебиет дамуындағы негізгі бағыт-бағдарлар айқындалады.

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстанның халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Б.Нұржекеұлының Мемлекеттік сыйлыққа лайық деп танылған «Әй, дүние-ай» романдары, Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» повесі мен М.Мағауаиннің «Салахад-диннің үкімі», Т.Шапайдың «Айна сарай», Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы», Д.Рамазанның «Көш», М.Омарованың «Жол үстінде», А.Мырзахметтің «Жыртылған күнделік», А.Мантаеваның «Жауһар», Ә.Байболдың «Жиын» әңгімелері таңдалып алынды.

Зерттеу пәні ретінде қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың көркемдік бейнеленуі алынды.

Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі прозадағы жалпыадамдық құндылықтарды жан-жақты, кешенді талдау; жаңа әдеби-мәдени үрдістер аясында пайда болған тақырыптар мен идеялық-көркемдік мәселелерді зерделеу;

Диссертация жұмысының мақсатына жету үшін мынандай міндеттер қойылды:

- жалпыадамдық құндылықтар туралы материал жинау, талдау, жүйелеу және жалпыадамдық құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру;
- қазақ прозасындағы құндылықтардың генезисін анықтау;
- қазақ қаламгерлері шығармаларындағы жалпыадамдық құндылықтардың көрініс табу ерекшеліктерін анықтау;
- қазақ прозасының даму үрдістерін аксиологиялық тұрғыдан ашу.

Зерттеу әдістері. Қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың көрінісін, өзіндік ерекшеліктерін зерттеу барысында тарихи функционалдық, тарихи салыстырмалы, кешенді әдіс, герменевтикалық, рецептивті әдістері ғылыми басшылыққа алынды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғали, Б.Майтанов, Г.Орда,

Т.Есембеков, А.Ісімакова, Г.Пірәлі, А.Абдуллина, А.Темірболат, А.Шәріп Ә.Нысанбаев, А.Қасабек, Т.Ғабитов, З.Сәрсенбаева, С.Нұрмұратов, Б.Сатершинов, Р.Инглехарт, Дж.Фихтер, Т.Орал, К.Клакхон, М.Рокич, С.Шварц, Г.Хофстед т.б. сынды белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйендік.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде қазіргі отандық қаламгерлер прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар тұңғыш рет пәнаралық негізде, мәдени-аксиологиялық және әдеби-эстетикалық аспектілерде қарастырылғанын атай аламыз.

Зерттеуде қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастау көздері анықталды және тарихи жанрдағы туындылар негізінде қазақ ұлтының бірегейлігін танытатын құндылықтар жүйесі айқындалды.

М.Омарова, А.Мантаева, Ә.Байбол, А.Мырзахмет т.б. сынды жас қаламгерлер шығармашылығы арқылы қазіргі қазақ прозасындағы жаңа көркемдік үрдістер сараланды.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі қазақстандық әдебиетті және оның даму заңдылықтары мен үрдістерін, жалпыадамдық құндылықтар мен олардың отандық әдебиеттегі көрінісін зерттеуде дәйекші дереккөз бола алады. Сонымен қатар орта, арнайы, жоғары мектептерде, жоғарғы оқу орындарында өтілетін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы» сияқты арнаулы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар. Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдарды қорғауға ұсынамыз:

- Жалпыадамдық құндылықтардың қазақ прозасындағы бастаулары ежелгі халықтық проза үлгілеріне барып тіреледі.
- Қазақтың дәстүрлі тұрмысын арқау еткен тарихи жанрдағы туындыларда этикалық, әлеуметтік, діни құндылықтар үстем болса, заманауи тақырыптағы шығармаларда экономикалық, танымдық құндылықтар биік қойылады.
- Қазіргі қазақ прозасы қазақ халқының бүгінгі мультимәдени жаһаннан төл даралығын, тарихи-мәдени һәм концептуалдық бірегейлігін іздеп жатқанын, сондай-ақ әлемдік әдеби үрдістерге етене кірігіп, тәжірибе жинау мен толысу үстінде екендігін көрсетеді; аталмыш үрдіс өз кезегінде дәстүрлі және маргиналды мәдени типтегі кейіпкер болмысын қалыптастырды.
- Қазіргі қазақ прозасында тәуелсіздік, қанағат, еркіндік құндылықтары айрықша көп көтерілген.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 9 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 3 мақала, халықаралық конференцияларда 3 мақала, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

1. Қазіргі әңгімедегі қаңғыбас бейнесі // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының баяндамалары. – 2016. – №3. – Б. 169-172.
2. Ұлттық әдебиет және құндылықтар жүйесі // III Халықаралық Фараби әлемі оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, 2016. – Сәуір-4-15. – Б. 161.
3. Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романындағы жалпыадамдық құндылықтар // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабаршысы. – 2017. – №1. – Б. 160-166.
4. Қазіргі ғылымдағы жалпыадамдық құндылықтар жайлы түсінік // «Еуразия әлеуметтік және экономикалық зерттеулері» (Avrasya Sosyal ve Ekonomi Araştırmaları) атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Анталья, 2017. – Б. 80-89.
5. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы жалпыадамдық құндылықтар // «Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2018. – Б. 402-405.
6. The artistic world of value system in the modern prose (based on «Parasat Maidany») // The Bulletin of the National Academy of Science of Republic of Kazakhstan. – 2018. – №2. – Pages 176-180.
7. Journal Astra Salvensis - review of history and culture, year VI, Supplement no. 1, 2018, Pages 391-408. // – ISSN 2457-9807. – 2018. Early Reflections of Universal Human Values In Kazakh Prose (Article).
8. Journal option Revista de Ciencias Humanas y Sociales Volume 34, Special Issue 15, 2018, Pages 1265-1294 // – ISSN 1012-1587. – 2018. Artistic function of detail in Kazakh prose (Article).
9. Journal Opcion, Año 35, No.89 (2019): Pages 177-194 // – ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. – 2019. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature (Article).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.